

«Бекітілді»

КМҚК №29 «Нұрсая» бөбейжай-бақшасы

№1 педагогикалық кеңесте

26 тамыз 2021 жыл

Шешімі негізінде №67 бұйрық



Түзеу жұмысы

«Тіл дамыту»

36 сағат

Логопед : Нұрсұлтанова Мөлдір

Кіріспе

Балабақша жас ұрпақтарды олар болашақта өмір сүріп , жұмыс істейтін қоғамдық жағдайларды мейлінше ескере отырып өсіруге , оқытуға және тәрбиелеуге тиіс,- делінген Жалпы білім беретін және кәсіптік балабақша реформасының негізгі бағыттарында. Қазіргі кездегі қоғам дамуындағы , ғылым мен техникалық прогреске байланысты ерекшеліктердің бірі – еңбектің творчестволық сипат алуы. Осыған орай , біздің балабақшаларымыздың бүгінгі таңда алда тұрған ең маңызды міндеттерінің бірі-балалардың жас шағынан бастап, өз бетінше ойлау қабілетін қалыптастыру. Балабақшаларда балалардың өз бетінше ойлау қабілетін қалыптастыру негізгі ересек топтарда қаланады, яғни балаларды оқу барысында ойлау дағдысына төселіп , ұтымды орындауға үйренеді.

Ал ойлау не арқылы іске асады? десек , әрине, алдымен тіл арқылы . Ойлаудың негізгі басты құралы- тіл болып саналады. И.К. Маркстің айтуынша , «Тіл дегеніміз ойдың тікелей шындығы» Адам ойы тіл арқылы , тілдегі сөздер және сөз тіркестері арқылы айтылады да , материалдық формаға енеді . Ал ой толық сөз күйінде білдірілгенде ғана айқындалып, дәлдене түседі. Тіл шындықтағы заттар мен құбылыстардың , олардың сан алуан белгілері мен адамдардың өзара қарым- қатынасының санадағы бейнелері болып табылатын ойлау формаларын белгілейтін материалдық құрал ретінде қызмет атқарады. Тілдің қатынас құралы болып қызмет атқаруы сөйлеу формалары арқылы жүзеге асып отырады. Ал мұның өзі адамдардың сөйлеу әрекеті болғандықтан психология ғылымының зерттеу объектісіне айналады.Тіл –адамдардың бір-біріне пікір алысып, қарым-қатынас жасайтын құралы болғандықтан тілдің тілдің қоғамдық , тәрбиелік қызметі ерекше . Тілдің грамматикалық сөйлеу мәдениетін игеруге баланың сәби шағынан басталып, біртіндеп жетілетін кезең. Сондықтан баланы балабақшада оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасында белгіленген оқу іс-әрекеттің көп уақыты балалардың тілдерінің дамуына , көркем сөз өнеріне баулуға , мәнерлеп сөйлеуге , тіл мәдениетіне жұмсалады. Балабақшада өткізілетін оқу іс-әрекеттерінің барлығы осы салаға сабақтасып жатады. Балабақшадағы оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып , үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану. Мектеп жасына дейінгі балалармен сөздік жұмысын жүргізіу- тіл дамытудың негізгі міндеті болып табылады. Балабақшада 5 білім беру саласы бойынша жұмыс жасаймыз. Соның ішінде , «Қатынас » білім беру саласында балалардың елестету, есте сақтау, ойлауын, қызығушылығын дамыту, өз ойын ерін жеткізу қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым-қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Түсінік хат

Тіл дамыту- сөздік қорын байыту, тілдің дыбысталу мәдениетін тәрбиелеу, сөздің грамматикалық формасын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту. «Тіл дамытуды» оқытуда қойылатын талаптар:

- Тілдегі дыбыстарды анық, таза , дұрыс айтып , бір-бірінен ажырата білу .
- Сурет топтамалары бойынша өз шығармашылығымен әңгімелей білу.
- Тақырыпқа сәйкес байланыстырып сөйлеуді дамыту.
- Жаңадан меңгерген сөздерді белсенді сөздік қорына енгізу.
- Тақпақ, жаңылтпаш, мақал мәтелдерді дұрыс айтуға үйрету.

Яғни баланың тілін дамыту жеке сөздердің басын біріктіріп сауатты сөйлеуге баулу-тіл ғылымының заңдылықтарымен тығыз байланысты құбылыс болып есептелінеді.

Мақсаты:

- Мектепке дейінгі жасындағы баланың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту, сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге , дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.
- Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп , өз ойын еркін жеткізуін , сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.
- Артикуляциялық қалпын жақсартып отырып, дыбыстарды дұрыс айтып, анық сөйлеуін қалыптастыру.
- Ертегілерді әңгімелеуге , өлең ,тақпақ , мақал мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету

Міндеттері:

- Балалардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен ой - өрісін, дүниетанымын дамыту
- Балаларды адамгершілікке баулу, нақты сөйлеуге, салмақты ой айтуға баулу.
- Сөздегі грамматикалық дағдыларды қалыптастыру.
- Сөздік қорын молайту
- Балалардың ақыл-ойын дамытып, тіл байлығын арттыру
- Баланың қиялын есте сақтауын, шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан

- әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландыру.

Күтілетін нәтиже:

- Байланыстырып сөйлеуі қалыптасады.
- Сөйлем құрап өз ойын анық жеткізеді.
- Әрбір дыбыстарды дұрыс дыбыстай алады
- Қазақ тіліндегі сөздік қоры молаяды.
- Диалог бойынша сөйлесу арқылы тіл мәдениетін жетілдіріледі.
- Сөйлеу қабілеті жетіледі.

Ай	Апта	Апталық тақырыбы	Оқу іс-әрекетінің тақырыбы	Мақсаты	Түзету мақсаты	Көрнекілігі	Саны
Қыркүйек	I	Бақылау					
	II	Бақылау					
	III	Балабақша	«Балабақша»	Балабақша туралы түсінік беру. Балабақшадағы оқиғалар туралы әңгімелесуге үйрету. Балабақша және топтағы достары жайлы түсініктерін қалыптастыру. Балаға жаңа сөздерді меңгертіп, оларды ауызекі сөйлеуде дұрыс пайдалана білуге үйрету.	Артикуляциялық жаттығуларды меңгерту. Тыныс алуын дамыту. толықтыру.	Артикуляциялық жаттығулардың, балабақша, балалар, тәрбиеші, ойыншықтар суреттері	1
	IV	Менің отбасым	«Менің отбасым»	Отбасы туралы түсінік беру. Өз жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету. Отбасы және отбасы мүшелері жайлы түсініктерін қалыптастыру. Балаға жаңа сөздерді меңгертіп, оларды ауызекі сөйлеуде дұрыс пайдалана білуге үйрету.	Артикуляциялық жаттығуларды меңгерту. Тыныс алуын дамыту. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Ойлау қабілетін арттыру. Сөздік қорын толықтыру.	Артикуляциялық жаттығулардың, отбасы мүшелерінің суреттері	1

Қазан	I	Күз мезгілі	«Алтын күз»	Балалардың күз мезгілі туралы түсінігін кеңейтіп, жыл мезгілінің ерекшеліктерін айтуға үйрету.	Балалардың тілдерін дамытып, ой-өрісін кеңейту.	Күз мезгіліне қатысты суреттер	1
	II	Жемістер	«Жемістер»	Балалардың жемістер туралы білімдерін анықтау; сызба бойынша әңгіме құрастыруға дағдыландыру; сөздерді жекеше және көпше түрде айтуға дағдыландыру; белсенді сөздік қорды дамыту; зейінді, есте сақтау қабілетін дамыту.	Мұрын және ауыз арқылы тыныс алуды үйрету, диафрагмальді тыныс алуды жетілдіру. Дауыссыз дыбыстарды анық айтуға, әңгіменің мазмұнын айтуға үйрету. Танымдық процесстерін дамыту.	Жемістердің бейнесі көрсетілген муляждар, бірдей жемістердің бейнесі салынған суреттер; конвертке салынған таратпалы суретті картиналар	1
	III	Көкөністер	«Көкөністер»	Көкөністерді бір-бірінен айыруға, дұрыс айтуға үйрету. «Көкөністер» тақырыбы бойынша сөздікті белсендіру. Табиғатқадегенсүйіспеншіліккетәрбиелеу.	Сөздерді дұрыс айтуға, қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беруге дағдыландыру. Есту зейінін дамыту және ұсақ қол моторикасын дамыту.	Көкөністердің суреттері, жемістер мен көкөністердің макеттері, айна, артикуляциялық жаттығуларды орындауға арналған сұлбалар.	1
	IV	Ойыншықтар	«Менің сүйікті ойыншықтарым»	Ойыншық туралы түсінік қалыптастыру. Ойыншықтардың түрлерімен таныстыру. Ойыншықтардың қандай материалдан жасалатыны туралы түсінік қалыптастыру. Ойыншықтарды сипаттай білуге үйрету	Сурет бойынша сөйлем құрап, әңгімелей білуге үйрету. Ойыншықтардың қасиеті туралы түсінік қалыптастыра отырып, байланыстыра сөйлеу тілін дамыту. Артикуляциялық жаттығуларды жасап, ұсақ қол моторикасын дамыту	Түрлі ойыншықтардың көркем суреті	1

Қараша	I	Дене мүшелері	«Менің сұлу келбетім»	Адамның дене мүшелерімен танстыру. Атқаратын қызметі туралы балаларға түсінік беру.	Сурет бойынша әңгімелесуге, дене мүшелерді дұрыс көрсете білуге үйрету. Тыныс алу, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс орындауға дағдыландыру	Адамның суреті, дене мүшелердің суреті, үлестірмелі карточкалар	1
	II	Тазалық бұйымдары	«Тазалықты сүйеміз!»	Балаларды жек бас гигиенасы, тазалық саулық туралы ұғымдарын кеңейту. Тазалықты сақтай білуге үйрету, пайдасын түсіндіру, тазалық, сұлулық туралы мәлімет беру.	Өлең жолдарын тыңдай білуге, тазалықтың мағынасын ашып түсіндіре отырып, балаларға сұрақ қою арқылы жеке бас гигиенасы туралы мәлімет ала отырып, сөйлеу тілін дамыту.	Тазалық бұйымдарын суреттері, бейнетаспа	1
	III	Киімдер	«Киімдер»	Киімдер туралы білімдерін кеңейту. Жыл мезгілдеріне сай киім түрлерімен таныстыру.	Киім атауларын атай білуге, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.	Киімдердің суреттері, жапсырмалы қағаздар	1
	IV	Бас және аяқ киімдер	«Бас және аяқ киімдер»	Бас киім және аяқ киім атауларымен таныстыру. Оларды ажырата білуге үйрету.	Бас және аяқ киім атауларын атай білуге, дыбыстарды анық нақты айтуға дағдыландыру.	Бас және аяқ киім суреттері, конверт	1

Желтоқсан	I	Қыс мезгілі	«Қызықты қыс мезгілі»	Қыс мезілімен таныстыру. Сурет бойынша қыс мезігіліндегі ойындар, қызықтар туралы мәлімет беру.	Сурет бойынша әңгімелесіп сөздік қорын кеңейту.	Қыз мегіліндегі қызықты суреттер	2
	II	Қазақстан Республикам менің	«Қазақстан Республикам менің»	Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайы туралы әңгімелеп беруге үйрету. Туған жерін, елін сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу.	Сурет бойынша әңгімелесіп сөздік қорын кеңейту.	Тақырыпқа сай суреттер, артикуляциялық суреттер	1
	III	Біздің көше, менің үйім	«Біздің көше, менің үйім»	Көше, үй, жанұя туралы түсінік қалыптастыру.Өзі тұратын мекенін сүйуге тәрбиелеу	Өз үйі ,көшесі,ортасы туралы әңгімелесе отырып, сөздік қорын молайту	Суреттер, үй макеті	1
	IV	Қайталау					
Қаңтар	I	Жаңа жылдық мереке	«Қош келдің, Жаңа жыл!»	Қыс мезігілі туралы, мерекелер туралы түсініктерін кеңейту. Қыс қызықтары туралы әңгімелесу.	Сурет бойынша әңгімелесу арқылы ойлау қабілетін, сөйлеу тілін, сөздік қорларын дамыту. Сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.	Қыс мезгілінің суреттер, плакаттар, үлестірмелі қағаздар	1
	II	Үй жануарлары	«Үй жануарлары»	Сурет мазмұнына қарай әңгіме құрау білігін жетілдіру. Бала бойында сөйлеу, тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оларға қамқорлық жасауға үйрету.	. Балалардың сөздік қорын сан есім, сын есіммен байланыстыра білуге үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрап, өз ойларын толық жеткізе білуге үйрету.	Үй жануарларының суреттері	1
	III	Жабайы	«Жабайы	Бейнелік суреттер бойынша	Сурет бойынша әңгіме	Жабайы	1

Ақпан		жануарлар	жануарлар»	әңгіме құруға үйрету. Ертегіні тыңдай білуге дағдыландыру.	кұрай отырып, сөздік қорын байыту. Байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.	жануарлардың суреттері	
	IV	Азық-түліктер	«Нан қайдан шығады?»	Азық-түлік туралы білімдерін кеңейту. Ертегіні оқи отырып нанның қандай еңбекпен келетінін түсіндіру. Еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу, сөздік қорын жетілдіру.	Еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу. Сөздік қорын жетілдіру. Ертегінің мазмұнын түсіні, сөздерді анық айтуға, сөйлемдерді байланыстыра білуге тәрбиелеу.	Ертегі, азық-түліктің суреттері	1
	I	Жиһаздар	«Жиһаздар»	Балаға өздері тұратын үйлері жайлы әңгіме айтқызу. Үйдегі бөлмелерді, жиһаздарды өз атауымен атауды үйрету.	Жиһаз түрлерімен таныстыра отырып, түрін, түсін, көлемін ажырата білуге жұмыстану. Қарама-қарсы сөздерді дұрыс пайдалануға дағдыландыру.	Суреттер	1
	II	Қыстың қызықты ойындары	«Қыстың қызықты ойындары»	Қыс мезілінің басқа мезгілдерден айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Әңгіме оқып беріп, оның мазмұнымен таныстыра отырып қызығушылықтарын арттыру.	Тілдерін дамытып, ойлау қабілеттерін арттыру, ұзақ уақыт есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Артикуляциялық апаратын, жалпы және ұсақ қол моторикаын дамыту.	Ойындардың суреттерін, плакаттар, үлестірмелі карточкалар	1
	III	Ыдыс-аяқтар	«Ыдыс-аяқ түрлері»	Ыдыстар туралы түсінік қалыптастыра отырып, ыдыстардың неден жасалатынын, не үшін	Сурет бойынша сөйлем құрай отырып, баланың байланыстырып сөйлеу тілін, грамматикалық	Ыдыс-аяқтардың суреттері	1

Наурыз				пайдаланатынымыз жөнінде әңгімелей отырып, баланың ой-өрісін дамыту.	сөйлеу қабілетін дамыту. Сын есімдерді қолдану арқылы сурет бойынша әңгімелей білуге үйрету.		
	IV	Үй құстары	«Үй құстары»	Балаға үй құстары туралы жалпы түсінік беру, олардың түрлерімен таныстыру. Баланы табиғаттықорғауға,сүюгетәр биелеу.	Баланың байланыстырып сөйлеу тілін жетілдіру, саусақтардың қимыл-қозғалысын, белсенді және енжар сөздік қорын дамыту, сөйлеу барысында дұрыс тыныстауды қалыптастыру.	Үй құстарының суреттері , шарлар, түтікшелер	1
	I	Дала құстары	«Дала құстары»	Балалардың дала құстары туралы түсініктерін бекіту, олардың ерекшеліктерін айыра білуге үйрету.	Ойындар, тақпақтар арқылы балалардың ақыл-ой, сөйлеу қабілетін дамыту.	Құстардың ұясы және суреттері	1
	II	Аналар, асыл жандар	«Аналар асыл қазынам»	Көктем мезіліндегі мерекелер туралы мәлімет беру.	Зейін, есте сақтау, қисынды ойлау дағдысын, сөздік қорын, байланыстырып сөйлеу тілін, естіп қабылдауын, көріп қабылдауын, кеңістікте бағдарлауын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	Ана туралы қанатты сөздер, шарлар, шиырмалар, аналар фотосуреттері	1
	III	Ертегілер еліне саяхат	«Ертегілер еліне саяхат»	Балаларды ертегіні түсіне отырып, кейіпкерді сомдауға үйрету. Көңілді әнді әсерлі етіп айта білуге үйрету.Ертегі арқылы балаларды шығармашылыққа баулу. Әуен сипатын ажыратып, қимылдауға ән	Күнделікті айналасындағылармен жақсы, еркін тілдесуін қалыптастыру. қозғалыс ырғақтығы мен сөздер үйлесімділігін дамыту	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері, әр түрлі карточкалар, жабысқақ суреттер	2

Сәуір				айтуға дағдыландыру, достыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.			
	IV	Наурыз тойы	«Өз Наурыз»	Балаларға Ұлыстың ұлы күні туралы түсінік беру. Суреттер бойынша әңгімелесу.	Сөздік қорын кеңейту. Есту сақтауын дамыту, суреттер бойынша әңгімелесу.	Тақырыпқа сай суреттер	1
	I	Көктем келбеті	«Көктем келбеті»	Балалардың наурыз туралы білімдерін арттыру. Көктем мезгіліндегі табиғат ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.	Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер	1
	II	Ағаштар	«Ағаштардың пайдасы»	Ағаштардың пайдасы туралы мәлімет беру. Дыбыстарды дұрыс айтқызу, сөздік қорын молайту.	Балалардың білу, ойлау, қиялдау, елестету қабілеттерін дамытып, шығармашылық дағдыларын қалыптастырып, өз ойынан әңгіме құрастырып айтуға баулу.	Тақырыпқа сай суреттер	1
	III	Көліктер	«Көліктер»	Көліктер туралы баяндау. Көліктің не үшін қажет екендігін әңгімелеу. Көлік түрлерінің адам өміріндегі маңыздылығы туралы әңгімелеу. Көлік жүргізушілерінің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.	Көліктер туралы білімдерін кеңейте отырып, олардың түрін ажырата білуге, сюжетті сурет арқылы сөйлем құрап, әңгімелей білуге үйрету.	Қала көрінісі. Көліктердің түрлері	1

	IV	Мамандықтар	«Мамандықтар»	Әр түрлі мамандық түрлері туралы түсінік беру. Әр түрлі мамандық түрлеріне қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу.	Сөйлем құрастыруға, сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру. Зейінін, ойлау қабілетін дамыту, толық түрде қабылдау.	Мамандық иелерінің суреттері	1
Мамыр	I	Гүлдер әлемі	«Гүлдер»	Гүлдердің түрлерімен таныстыру. Гүлдердің түр – түстерін ажырата білуге баулу. Балалардың сөздік қорын, сөйлеу тілін. Есте сақтауын, ойлау, таным, үрдісін, ұсақ қол моторикасын дамыту.	Дидактикалық тапсырмалар мен ойындар арқылы көру, есту, есте сақтау, зейінін тұрақтандыру, ойлау қабілетін дамыту. Тыныс алу жолдарын ашу.	Айна, ұнтаспа, губка, бояулар, балауызшам, суреттер, т.б.	1
	II	Жәндіктер	«Жәндік түрлері»	Жәндіктердің түрлерін атай білу. Ертегіні оқып түсіндіру. Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру. Қоршаған орта түсінігін кенейту.	Жыл бойы меңгерген білімдерін бекіту. Жетелеуші сұрақтар арқылы сөздік қорларын дамыту.	Жәндіктер суреттері	1
	III	Жидектер	«Жидектер»	Жидектер туралы түсінік қалыптастыру. Жидек түрлерін дұрыс атай білуге үйрету.	Ауызекі сөйлеуімен жұмыс жасау. Суреттер бойынша әңгімелесу.	Жидектер суреттері	2
	IV	Жаз мезгілі	«Жазғы демалыс»	Сурет бойынша әңгімелей отырып, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Жаз мезгілінің басқа жыл мезгілдерден ерекшелігі туралы мәлімет беру.	Балалар жаз мезгілінде өздерінің күн тәртібі жөнінде пікір алмасу. Сурет бойынша сөйлем құрап, әңгімелей білуге үйрету.	Суреттер	1
Барлығы:							36 сағат